

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі  
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты  
Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасы**

**Бекітемін**  
**Академия бастығының**  
**оқу ісі жөніндегі орынбасары**  
**З.Ғ.К.**  
**полиция полковнигі**  
**Ж.А.Кенбаев**  
**2019 ж. «\_\_» \_\_\_\_\_**

**ПО сотқа дейінгі тергеу-5B030300 – «Құқық қорғау қызметі»  
мамандығына арналған**

**КРАК (ЕВ) 2216**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ**  
**(ЕРЕКШЕ БӨЛІМ)**  
**ПӘНІ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫҚ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**  
**(SYLLABUS)**

**5B030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы үшін**

**оқыту нысаны: күндізгі**  
**курс: 2**  
**семестр: 4**  
**кредит саны: 2**  
**дәріс: 15/15 сағат**  
**семинар: 15/15сағат**  
**КООЖ: 15/15сағат**  
**КӨЖ: 45/45сағат**  
**Емтихан: 93**

**Қарағанды – 2019 жыл**

**КРАК (ЕВ) 2216**

**«Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы»  
пәні бойынша «5В030300 – Құқық қорғау қызметі» мамандығына  
арналған оқыту бағдарламасы (SYLLABUS)**

**Құрастырған: Райбаев Даулет Кумарбекович, азаматтық-құқықтық  
пәндер кафедрасының аға оқытушысы.**

**Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының 2018 жылғы «\_\_»\_\_\_\_  
отырысында қарастырылды.  
№\_\_ хаттама.**

**Азаматтық-құқықтық пәндер  
кафедрасы бастығы  
полиция майоры**

**Д.К. Райбаев**

**Академияның оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітілді.  
2019 жылғы «\_\_» \_\_\_\_ №\_\_ хаттама.**

## 2.1 Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	«5B030300 – құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	2 курс, 4 семестр
3. Пән циклы	Таңдау бойынша компонент КРАК (ЕВ) 2216
4. Кредит саны	2
5. Сабақ өткізу орны	Оқу аудиториялары, дәріс залы
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы полиция капитаны, «құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) Райбаев Даулет Кумарбекович
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы полиция капитаны, «құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) Райбаев Даулет Кумарбекович Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры Рахимберлин Ойрат Нурашев

## 2.2 Курс пререквизиттері.

Бұл курсты бастамас бұрын 2 курс тыңдаушылары «Қазақстан Республикасы азаматтық құқығы (жалпы бөлім)» “Мемлекет және құқық теориясы”, “Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы” пәндерімен оқытылатын құқықтық және тарихи білімдер алынуы тиіс.

## 2.3 Курстың постреквизиттері.

Азаматтық құқықтың ерекше бөлімін зерделеп болған соң келесі пәндер оқытылуы тиіс: Азаматтық іс жүргізу құқығы, Халқаралық жеке құқық және сол сияқты тағыда басқа заң пәндері. Бұл оқу курстары негізінен қазіргі заман ағымына сәйкес жаңа нарықтық қатынастарды дұрыс қалыптастыруда азаматтық құқық саласының алатын орны мен мәнін жетік түсініп, алған білімдерін тәжірибеде азаматтық қатынастарды қалыптастырушы жеке және заңды тұлғалар арасындағы мүліктік немесе жеке мүліктік емес қатынастар бойынша туындайтын мәселелерді шешуде құқықтық білім өрісінің кеңейуіне ықпалын тигізуге негізделген. Рим құқығын және өзгеде теориялық

ғылымдарды зерделесімен жоғарыда қарастырылған салалық пәндерді, арнайы курстарды оқу арқылы болашақ заңгер заң саласының алуан түрлі қыр-сырларын талқылай отырып мамандандырылған біліктілік іс-әрекетін жандандыруда қажетті ақпараттар алады.

Курстың мақсаты болып Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының негізгі нормалары мен қағидаларын, міндеттемелік қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшеліктерін, азаматтық заңнаманы қолдану тәжірибесін оқып-үйрену болып табылады.

Пәнді оқудың негізгі міндеттері ретінде келесілерді атап көрсету қажет:

- міндеттемелердің жеке біртекті түрлерін (топтарын) қамтитын институттарды оқып-үйрену. Оларға: меншікке мүлікті беру бойынша міндеттемелер; мүлікті пайдалануға беру бойынша міндеттемелер; жұмысты орындау бойынша міндеттемелер; шығармашылық қызмет нәтижелерін жүзеге асыру бойынша міндеттемелер; қызмет көрсету бойынша міндеттемелер; бірлескен қызмет бойынша міндеттемелер; шарттан тыс (құқық қорғаушы) міндеттемелер, т.б. жатқызылады.
- міндеттемелер туралы құқықтық институттарды зерттеу;
- шарттардың жобаларын құрастыру, нақты азаматтық қатынастардың пайда болуы, жүзеге асуы және тоқтатылуына негіз болып табылатын, заңды фактілерді құжаттамалы түрде рәсімдеу бойынша тәжірибелік білімді қалыптастыру.

## **2.4 Пәннің қысқаша сипаттау**

Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (ерекше бөлім) негізгі оқу пәні, құқықтың жетекші салаларының бірі болып табылады. Оның маңызды ролі мемлекеттегі нарықтық экономиканың дамуымен және тауар-ақша қатынастарының жетілдірілуімен түсіндіріледі. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мен қорғаудың құқықтық реттеу, ең алдымен, азаматтық құқық субъектілерінің арасында пайда болатын қатынастарда, оның сақтаудың кепілдігі болып табылады. Азаматтық заңнама осы қатынастарды нақтылы реттей отырып, оның субъектілеріне қажетті құқықтық нәтижеге қол жеткізу үшін өзіндік құқықтары мен мүдделерін іске асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді реттейтін нормалар жүйесі толықтай жетілдірілмеген. Осыған орай азаматтық-құқықтық заңдарды мақсатқа сай және ұтымды қолдана білуден құқықтық қатынастардың тұрақтылығы немесе бұзылған құқықтарды қалпына келтіру тәуелді болады, сондықтан азаматтық құқық пен заңнаманы білу маңызды ғана емес, өте қажет болып табылады.

## 2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-)	Балл (рейтинг-шкалаға байланысты)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	1.Дәріс конспектілерін тексеру; 2.Кесте құрастыру; 3.Есептер шығару.	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект	кесте бойынша
1.	1.Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2.Кесте құрастыру; 3.Есептер шығару.	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект	кесте бойынша
2.	1.Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2.Есептер шығару; 3.Ағымдағы тестілеу.	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект Тест	кесте бойынша
3.	1.Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2.Тақырып бойынша НҚА тексеру; 3.Есептер шығару; 4.Ағымдағы тестілеу;	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект Тест	кесте бойынша

	5.Іскер ойын;						
4.	1.Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2.Тақырып бойынша НҚА тексеру; 3.Есептер шығару; 4.Ағымдағы тестілеу; 5.Іскер ойын;	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект Тест	кесте бойынша
5.	1.Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2.Есептер шығару; 3.Ағымдағы тестілеу.	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект Тест	кесте бойынша
6.	1.Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2.Есептер шығару; 3.Ағымдағы тестілеу.	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект Тест	кесте бойынша
7.	1.Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2.Тақырып бойынша НҚА тексеру; 3.Кесте құрастыру; 4.Ағымдағы тестілеу.	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект Тест	кесте бойынша

8.	1. Есептер шығару; 2. Ағымдағы тестілеу.	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект	кесте бойынша
9.	1. Ағымдағы тестілеу; 2. Тақырып бойынша НҚА тексеру.	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект	кесте бойынша
10.	1. Тақырып бойынша ауызша жауап беру; 2. Кесте құрастыру; 3. Ағымдағы тестілеу.	Ағымдағы бақылау	3.7. ұсынылған әдебиеттер тізіміне қараңыз	0-100	0-100	Жауап Конспект Тест	кесте бойынша

## 2.6. Курс саясаты

(Сабаққа кешігіп келу және сабақты босату, босатылған сабақтарға өтем жасауға рұқсат алу шарты, аралық аттестация, өзіндік жұмыстарды кеш ұсыну, білім алушылардың аудиториядағы тәртібі және т.б.)

а) КОӨЖ кестесі бойынша барлық аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарға міндетті қатысу.

ә) сабақтарға тұрақты қатысу;

б) семинар және КОӨЖ сабақтар кезінде белсенділік таныту;

в) оқытушымен белгіленген уақытта босатылған сабақтар бойынша өтем жасау;

г) өзіндік жұмыстың барлық түрлерін уақтылы орындау.

д) тәртіпті сақтау.

Жол берілмейді:

а) сабақтарға кешігу және кетіп қалу;

ә) тапсырмаларды кешігіп орындау;

б) сабақ барысында ұялы телефонды пайдалану, тақырыптан тыс әңгіме айту, сағыз шайнау;

в) плагиат ұсынуға.

## 2.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

№	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1. Нормативтік-құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыз (Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 23 наурыз Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);	//http://online.zakon.kz.
2	Қазақстан Республикасының <a href="#">Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім)</a> (1994 ж. 27 желтоқсан) (01.01.2019 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
3	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) (1999 ж., 1 шілде, N409) (01.01.2019 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
4	2015 жылғы 31 қазандағы № 377 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі (01.01.2019 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
5	Қазақстан Республикасының <a href="#">«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы»</a> 2011 жылғы 26 желтоқсандағы N 518-IV Кодексі, (өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
6	Қазақстан Республикасының "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" 2010 жылғы 4 мамырдағы Заңы, (өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
7	Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 ж. 2 шілдедегі Заңы, (өзгерістер мен толықтырулармен);	//http://online.zakon.kz.
8	Қазақстан Республикасының "Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> );	//http://online.zakon.kz.
9	Қазақстан Республикасының "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 ж. 16 қаңтардағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> );	//http://online.zakon.kz.
10	Қазақстан Республикасының "Саяси партиялар туралы" 2002 ж. 15 шілдедегі Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
11	Қазақстан Республикасының "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
12	Қазақстан Республикасының "Тұтыну кооперативі туралы" 2001 ж. 8 мамырдағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
13	Қазақстан Республикасының "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңы ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
14	Қазақстан Республикасының «Бәсекелестік туралы» Заңы	//http://online.zakon.kz.



	2008 жылғы 25 желтоқсан ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> );	
15	Қазақстан Республикасының «Шаруашылық серіктестіктер туралы» 1995 жылғы 2 мамырдағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> );	//http://online.zakon.kz.
16	Қазақстан Республикасының "Қоғамдық бірлестіктер туралы" 1996 ж. 31 мамырдағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
17	Қазақстан Республикасының «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> );	//http://online.zakon.kz.
18	Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңы, (өзгерістер мен толықтыруларымен)	//http://online.zakon.kz.
19	Қазақстан Республикасының «Өндірістік коператив туралы» 1995 жылғы 5 қазандағы Заңы, (өзгерістер мен толықтыруларымен)	//http://online.zakon.kz.
20	Қазақстан Республикасының "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 маусымдағы Заңы, (өзгерістер мен толықтырулармен)	//http://online.zakon.kz.
21	Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңы ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
22	Қазақстан Республикасының "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
23	Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 ж. 20 қарашадағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
24	Қазақстан Республикасының "Ақша төлемі мен аударымы туралы" 1998 ж. 29 маусымдағы Заңы, (өзгерістер мен толықтыруларымен)	//http://online.zakon.kz.
25	Қазақстан Республикасының "Нотариат туралы" 1997 ж. 14 шілдедегі Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
26	Қазақстан Республикасының «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» 2012 жылғы 13 қаңтардағы Заңы; ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
26	Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі N567 Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
28	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Пленумының «Мұрагерлік туралы заңдарды соттардың қолдануындағы кейбір мәселелер туралы» 2009 ж. 29 маусымдағы Нормативтік қаулысы	//http://online.zakon.kz.
29	Қазақстан Республикасының «Күзет қызметі туралы» 2000 ж. 19 қазандағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
30	Қазақстан Республикасының «Қазақстан	//http://online.zakon.kz.

	Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 ж. 13 маусымдағы Заңы. ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	
31	Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» 2011 ж. 28 қаңтардағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
32	Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
33	Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі N444 Заңы;	//http://online.zakon.kz.
34	Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 11 маусымдағы № 435 Заңы;	//http://online.zakon.kz.
35	Қазақстан Республикасының «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2004 ж. 7 шілдедегі Заңы;	//http://online.zakon.kz.
36	Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 ж. 10 маусымдағы Заңы, ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
37	Қазақстан Республикасының Патент заңы, 1999 ж. 16.07. қабылданған ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
38	Қазақстан Республикасының «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 ж. 13 шілдедегі Заңы ( <a href="#">өзгерістер мен толықтырулармен</a> )	//http://online.zakon.kz.
39	Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 ж. 23 шілдедегі Заңы;	//http://online.zakon.kz.
40	Қазақстан Республикасының «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» 2001 ж. 29 маусымдағы Заңы;	//http://online.zakon.kz.
2. Негізгі әдебиеттер		
41	Назарбаев Н.А «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» 2017 жылғы 31 қаңтар Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы	Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. //http://www.akorda.kz/
42	Азаматтық құқық. Оқулық (академиялық курс)/Жауапты ред.М.К. Сүлейменов, Ю.Г.Басин.өңделген және толықтырылған екінші басылымы.	Алматы. 1-ші том.-2003.
43	Гражданское право : учебник / <a href="#">Институт частного права</a> ; Общ.ред. <a href="#">С. С. Алексеев</a> . – 3-е изд., перераб. и доп. –	М.: Проспект, 2013. – 528 с.
44	Гражданское право. В 2 ч. Ч. 1: учебник Авторы: под ред. В.П. Камышанского, Н.М. Коршунова, В.И. Иванова	Издательство: ЮНИТИ-ДАНА, 2012 г.

45	Мардалиев Р. Т. <a href="#">Гражданское право: Учебное пособие.</a> – 1 издание.	Издательство «Питер» 2012 год
46	Жайлин Ғ.А. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Ерекше бөлім: Оқулық.	Алматы: Заң әдебиеті. 2-ші том.- 2004
47	Суханов Е.А - Гражданское право в 4-х т. т.3 обязательственное право учеб.для студентов вузов 3-е изд., перераб.и доп. - В 4 т. Т. 3: Обязательственное право	Издательство: Волтерс Клувер право - 2010 г
48	Жайлин Ғ. А. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Ерекше бөлім: Оқулық.	Алматы: Заң әдебиеті. 2-ші том.-2005;
49	Аубакирова Г.А.Учебное пособие – Курс лекций по гражданскому праву (ч.общая)	Караганда, 2009г.
50	Гражданское право. Том 1- Учебник для вузов (академический курс) Ответственный редактор Сулейменов М.К., Ю.Г. Басин	Алматы, 2000 год. 704 с.
51	Төлеуғалиев Ғ.И., Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. Жалпы бөлім: Оқулық.	Алматы: Жеті Жарғы. 1 том. – 2001.
52	Қарабеков Қ.Ө., Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (жалпы және ерекше бөлімдер), Дәрістер курсы.	Қарағанды, 2012 ж.
3. Қосымша әдебиеттер		
53	Гражданское право и его роль в формировании гражданского общества / отв. ред. А.Е. Шерстобитов.	Издательство «Статут», 2013 г.
54	Покровский И.А - Основные проблемы гражданского права. 6-е изд., стереот. -351 страниц	Издательство «Статут», 2013 г.
55	Воронцов Г.А. «Гражданское право: краткий курс. За три дня до экзамена» - Учебно-метод.пособие - 190 с	Издательство: Феникс –2012 г.
56	Карапетов А.Г., Савельев А.И. Свобода договора и ее пределы. Т.1,Т.2 - 904 страниц	Издательство «Статут», 2012 г.
57	Сергеева Ю.С. Некоммерческие организации. Конспект лекций. - 79 с.	Издательство: А-Приор, 2010 г.
58	Скловский К.И Собственность в гражданском праве. 5-е изд. - 893 страниц	Издательство «Статут», 2010 г.
59	Тарасова А.Е. Правосубъектность граждан. Особенности правосубъектности несовершеннолетних, их проявления в гражданских правоотношениях. -	М.:Волтерс Клувер, 2008
60	Химичев В.А. Осуществление и защита гражданских прав при несостоятельности (банкротстве) - Страниц: 240	Издательство: Волтерс Клувер - 2006 г.
61	Дмитрик Н.А. Осуществление субъективных гражданских прав с использованием сети Интернет - 2006 г.	Издательство: Волтерс Клувер - 2006 г.

62	Красавчиков О.А. – Категории науки гражданского права - Т. 2 Серия: Классика российской цивилистики - Страниц: 494	Издательство: Статут, 2005
4. Ғаламтор көздері		
63	Гражданское право. Ч. 1: учебник / отв. ред. В.П. Мозолин, А.И. Масляев // Консультант Плюс Версия Проф. [Электронный ресурс]. —	М.: ОАО «Консультант Плюс», 2008.
64	Гражданское право. Ч. 2: учебник / отв. ред. В.П. Мозолин, А.И. Масляев // Консультант Плюс Версия Проф. [Электронный ресурс]. —	М.: ОАО «Консультант Плюс», 2008.
65	Гражданское право. Ч. 3: учебник / отв. ред. В.П. Мозолин, А.И. Масляев // Консультант Плюс Версия Проф. [Электронный ресурс]. —	М.: ОАО «Консультант Плюс», 2008.
66	Гражданское право. Ч. 1. [Электронный ресурс]: учебный курс / М.А. Волкова. — Электронный курс.	М.: МИЭМП, 2008. — Режим доступа к курсу: <a href="http://e-college.ru">http://e-college.ru</a>
67	Гражданское право. Ч. 2. [Электронный ресурс]: учебный курс / М.А. Волкова. — Электронный курс.	М.: МИЭМП, 2008. — Режим доступа к курсу: <a href="http://e-college.ru">http://e-college.ru</a>
68	Гражданское право: учебник / отв. ред. Е.А. Суханов // Консультант Плюс Версия Проф. [Электронный ресурс]. —Т. 1.	М.: ОАО «Консультант Плюс», 2008.
69	Гражданское право: учебник / отв. ред. Е.А. Суханов // Консультант Плюс Версия Проф. [Электронный ресурс]. — М.: ОАО «Консультант Плюс», 2008. — Т. 2.	М.: ОАО «Консультант Плюс», 2008.

Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (ерекше бөлім)»  
 курсы бойынша Заң институты КОФ-тің 2-курс (2017 ж. а.)  
 курсанттары үшін  
 2019-2020оқу жылының 4 семестріне арналған  
**ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР**

Кредит саны – 2 (90 сағат)

№ р/с	Тақырып нөмері	Тақырыптар атауы	Аудиторлық сағат			КОӨЖ		КӨЖ
			Дәрістер	Семинарлар	Тәжірибе- белік сабақтар	Аудиторлық	Аудиторлықтан тыс	
1.	1.	Сатып алу-сату шарты	2	2		2		6
2.	2.	Айырбас, сыйға тарту, рента шарттары	1	1			1	3
3.	3.	Мүлік жалдау шарты (аренда). Мүлікті тегін пайдалану шарты	2	2		2		6
4.	4.	Тұрғын үйді жалдау шарты	1	1			1	3
5.	5.	Мердігерлік шарты. Өтемелі қызмет көрсету шарты	2	2		2		6
6.	6.	Сақтандыру шарты	2	2			2	6
7.	7.	Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты (франчайзинг)	1	1			1	3
8.	8.	Зиян келтірудің салдарынан	2	2		1	1	6

		туындайтын міндеттемелер						
9.	9.	Мұрагерлік құқық	2	2			2	6
		<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>15</b>	<b>15</b>			<b>15</b>	<b>45</b>

**Тақырыптық жоспар кафедраның отырысында талқыланып, мақұлданды.  
2019 ж. « 24 » сәуір №17 хаттама**

## Сабақтарды өткізу кезектілігі: дәріс – семинар - КОӨЖ

### 2.8. Сабақ жоспары

#### Дәріс сабақтары

##### 1 -тақырып. Сатып алу-сату шарты

1-дәріс — 1 сағат

##### Жоспар:

1. Сатып алу-сату шартының ұғымы мен түрлері.
2. Сатып алу-сату шартының мазмұны. Сатып алу-сату шарты тараптарының құқықтары мен міндеттері.
3. Сатып алу-сату шарты талаптарын бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі.

2-дәріс – 1 сағат

##### Жоспар:

1. Тауар жеткізілімі шарты.
2. Келісім-шарт жасасу шарты.
3. Энергиямен жабдықтау шарты.

#### Дәріс тезистері

##### 1-дәріс

Мүлікті меншікке немесе басқа да заттық құқыққа беру бойынша міндеттемелердің ұғымы және жалпы мінездемесі. Сатып алу – сату шарты. Сатып алу –сату шартының ұғымы және мәні. Шарттың пәні. Сатып алу –сату шартының мазмұны.

Айырбас және сыйға тарту шарты. Айырбас шартының ұғымы. Бартерлік қатынастың құқықтық негіздері. Сыйға тарту шартының ұғымы. Сыйға тартудың элементтері.

Рента және өмір бойы асырауда ұстау. Рента шартының ұғымы. Шарттың ерекшелігі. Шартты жасау, өзгерту. Рента шартын бұзу. Рента шартының мазмұны. Рента шарты бойынша жауапкершілік. Тұрақты рента. Өмір бойы асырауда ұстау.

Қазақстан Республикасының АҚ-нің 406-бабына сәйкес сатып алу–сату шарты бойынша бір тарап (сатушы) мүлікті (тауарды) екінші тараптың (сатып алушының) меншігіне, шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына беруге міндеттенеді, ал сатып алушы бұл мүлікті (тауарды) қабылдауға және ол үшін белгілі бір ақша сомасын (бағасын) төлеуге міндетті. Сатып алу –сату шарты мүлікті беру бойынша барлық қатынастарды қамтиды. Ертеректе бөлек болған тауар жеткізілімі, энергиямен жабдықтау шарттары, келісімшарт қазір сатып алу сату шартының түр түрлері болып бағаланады. Сатып алу –сату шартын меншікке жеке сипаттармен анықталатын заттарды беретін шарт ретінде бағалау (себебі тек жеке сипаттармен анықталатын заттар ғана меншік

құқығының немесе заттық құқықтық нысанасы бола алады) мүлікті құқықтарды сату ерекшелігін ескеруді талап етеді.

Сатып алу –сату консенсуалдық шарт балып табылады. Ол, екі жақ барлық елеулі жағдайлар бойынша келісімге келген сәттен бастап аяқталған (сатып алу –сату шарты жасалған) болып табылады.

Сатып алу –сату шарты – ақылы шарт. Тауарды беру оның сату бағасын алуды талап етеді. Кейде сатып алу –сату шартын жасағанда ақылы ережесінен ауытқу да болуы мүмкін. Мысалы, егер сауда кәсіпорны мыңыншы сатып алушыға ірі жеңілдік жасаймын деп жарияласа.

Сатып алу –сату қатынасын үш мәнде белгілеуге болады.

Біріншіден, бұл сатып алу сатудың экономикалық қатынасы.

Екіншіден, бұл – адамдардың ой елегінен өткен және құқықтық нормаларымен бекітілген субъективтік идеологиялық қатынас.

Үшіншіден, сатып алу сату шарты бұл азаматтық құқықтық нормалардың жиынтығы. Құқықтық реттеуден тәуелсіз тұрмыс етіп айырбастық – материалдық қатынас ретінде аталған құқықтық реттеудің арқасында құқықтық нысанға ие болады.

Сатып алу-сату шарты ұғымы және түрлері

Қазақстан Республикасының АҚ-ң 406 бабына сәйкес сатып алу –сату шарты бойынша бір тарап (сатушы) мүлікті (тауарды) екінші тараптың (сатып алушының) меншігіне, шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына беруге міндеттенеді, ал сатып алушы бұл мүлікті (тауарды) қабылдауға және ол үшін белгілі бір ақша сомасын (бағасын) төлеуге міндетті. Сатып алу –сату шарты мүлікті беру бойынша барлық қатынастарды қамтиды.

Сатып алу – сату шартының мынандай түрлері бар:

1. Бөлшектеп сату;
2. Тауар жеткізілім шарты;
3. Келісім шарт жасасу;
4. Кәсіпорындарды сату;
5. Энергиямен жабтықтау шарты.

Жаңа азаматтық кодекс қабылданғанға дейін тауар жеткізілімі, энергиямен жабдықтау, келісімшарт жасасу қазір сатып алу сату шартының түрлері болып бағаланбаған. Сатып алу –сату шартын меншікке жеке сипаттармен анықталатын заттарды беретін шарт ретінде қарастырып (себебі тек жеке сипаттармен анықталатын заттар ғана меншік құқығының немесе заттық құқықтық нысанасы бола алған) мүліктік құқықтарды сату ерекшелігін ескеруді талап еткен.

Сатып алу сату шартындағы тараптардың құқықтары мен міндеттері. Бөлшектеп сату жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сатушы бөлшектеп сатып алу сату шарты бойынша сатып алушыға кәсіпкерлік қызметке байланысты емес, әдетте жеке өзіне, отбасында үйінде немесе өзге де пайдалануға арналған тауарларды беруге міндеттенеді. Бөлшектеп сатып алу стау шарты жария болып табылады. Кәсіпкер болып табылатын сатушы(тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды



кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді. Келісім шарт жасасу бойынша ауыл шаруашылық өнімін өндіруші өзі өсірген(өндiрген) ауыл шаруаш өнімін ұқсату немесе сату үшін осындай өнімді сатып алуды жүзеге асыратын дайындаушы тұлғаға беруге міндеттенеді. Энергиямен жабдықтау шарты бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйым абонентте (тұтынушыға) жалғанған желі арқылы энергия беруге міндеттенеді, ал абонент алынған энергия үшін ақы төлеуге сондай ақ оны тұтынудың шартта көзделген режимін сақтауға, өзінің қарауындағы энергетика желілерін пайдалану қауіпсіздігін және энергияны тұтынуға байланысты пайдаланылатын аспаптар мен жабдықтардың ақаусыздығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сатып алу –сату заңды табиғаты бойынша консенсуалды, екі жақты, барлық елеулі жағдайлар бойынша келісімге келген сәттен бастап аяқталған (сатып алу –сату шарты жасалған) болып табылады. Сатып алу –сату шарты – ақылы шарт. Тауарды беру оның сату бағасын алуды талап етеді. Кейде сатып алу –сату шартын жасағанда ақылы ережесінен ауытқуы да болуы мүмкін.

Сатып алу –сату қатынасын үш мәнде белгілеуге болады. Біріншіден, бұл сатып алу сатудың экономикалық қатынасы. Екіншіден, бұл – адамдардың ой иелігінен өткен және құқықтық нормаларымен бекітілген субъективтік идеологиялық қатынас. Үшіншіден, сатып алу сату шарты бұл азаматтық құқықтық нормалардың жиынтығы. Құқықтық реттеуден тәуелсіз тұрмыс етіп айырбастық – материалдық қатынас ретінде құқықтық реттеу нысанына ие болады.

## 2-дәріс

Тауар жеткізілімі шарты.

Тауар жеткізілім шарты бойынша кәсіпкер болып табылатын сатушы сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды келісілген мерзімде жеке өзіне, отбасына, үй ішіне пайдаланулардан басқа кәсіпкерлік немесе өзгеде мақсаттарға пайдалану үшін беруге міндеттенуін қарастырамыз. (ҚР АҚ 458 бабы) Тауар жеткізілім шартын құқықтық реттеудің қайнар көздеріне тікелей Азаматтық кодекс нормалары жатады. Заңды табиғаты бойынша шарт консенсуалды, құнды және өзара шарт болып табылады.

Тауар жеткізілім шартының элементтеріне мыналар: субъектісі – тауар беруші (сатушы) тарап ретінде тауар беруші коммерциялық ұйым немесе жеке кәсіпкер азамат қатысады. Бұлармен қатар тауар беруші тарап ретінде коммерциялық емес ұйымдардың да қатысуына заңнама ешбір шектеу қоймаған. Сатып алушы тарап ретінде кәсіпкерлік немесе өзгеде шаруашылық қызметті жүзеге асырушы тұлғаларды жатқызамыз. Тауар жеткізілім шартының объектісі болып кез – келген айналымнан алынбаған зат (тауар) қарастырылады. Тауар жеткізілім шартын жасасу барысында оның объектісі сатушыда болмауы мүмкін, көбінесе мұндай шарттарда тауар берушінің шартта көзделген тауарды келешекте өндіріп немесе біреуден сатып алып сату

міндеті көзделеді. Қозғалмайтын мүлік, ауыл шаруашылық өнімі, энергия, мүліктік құқықтар аталмыш шарттың объектісі бола алмайды. Тауар жеткізілім шартының бағасы сатып алу сату шартының жалпы ережелерімен реттеледі, сол себепті ол елеулі маңызға ие емес. Тауар жеткізілім шартының бағасы мынандай түрлерге бөлінеді: нақты белгіленген, жылжымалы және кейін анықталатын баға.

Шарт мазмұны шартқа қатысты тараптардың құқықтары мен міндеттерінен тұрады. Тауар берушінің міндеттері: сатып алушыға тауарды барлық қажетті керек – жарақтарымен, келісілген мөлшерде және сапада, түр – түрімен, тиісті жиынтығында үшінші тұлғалардың құқықтарынан босатып, тиісті ыдыста буып - түйілген күйде беруге міндетті. Сатып алушының міндеттері негізінен сатып алып отырған тауарларды қабылдау және сол тауар үшін ақы төлеу. Ал құқықтарына келсек сатып алушы тарап алғалы отырған тауарға қатысты белгілі бір кемшіліктер анықтаса оны алудан бастартуға құқылы.

Тауар жеткізілім шарты мерзімі бойынша Қазақстан Республикасының АҚ-нің 460-бабына сәйкес бір жылға немесе келісімде өзгеше көрсетсе одан ұзақ мерзімге жасалуы мүмкін. Мерзім шарттың елеулі белгісі болып табылады. Нысанына сәйкес тауар жеткізілім шарты жазбаша түрде қалыптасады. Шартты жасау, бұзе, өзгерту немесе ұзарту тараптар қол қойған келісім немесе хаттар, телеграммалар, радиограммалар арқылы жасалады. Егер тараптар келісімге келу барысында шартты жасауды ұсынған тарап келісімнің орнына қарсы талап алған күннен бастап отыз күн ішінде егер өзге мерзім шартпен анықталмаса оны қалыптастыру немесе бұзу туралы жазбаша хабар беруі тиіс, әйтпесе шарт келісілген болып есептеледі.

Тауар жеткізілімі шартын тоқтату. Азаматтық-құқықтық шартты өзгертудің және бұзудың жалпы негіздері, тәртібі мен салдары АҚ-тің 401 - 404-баптарымен реттеледі. Олардағы ережелер тауар жеткізіліміне қатысты АҚ-тің 476-бабында нақтыланады. Тараптардың біреуі шартты елеулі түрде бұзған жағдайда шартты орындаудан біржақты бас тартуға немесе оны біржақты өзгертуге жол беріледі. Тауар берушімен шарттың бұзылуы мына жағдайларда:

1) кемшілігі бар, сапасы лайықсыз тауар беріліп, ол кемшіліктерді сатып алушы үшін қолайлы мерзімде жою мүмкін болмағанда;

2) тауар беру мерзімдері бірнеше рет бұзылғанда елеулі деп ұйғарылады.

Сатып алушымен шарттың бұзылуы мына жағдайларда:

1) тауарларға ақы төлеу мерзімдері бірнеше рет бұзылғанда;

2) бірнеше рет тауарлар таңдалып алынбағанда елеулі деп ұйғарылады.

Тараптардың келісімімен шартты орындаудан немесе оны біржақты өзгертуден біржақты бас тартудың өзге де негіздері көзделуі мүмкін.

Келісім шарт жасасу. Келісім-шарт жасасу шарты бойынша ауыл шаруашылық өнімін өндіруші өзі өсірген (өндірген) ауыл шаруашылық өнімін - ұқсату немесе сату үшін осындай өнімді сатып алуды жүзеге асыратын дайындаушы-тұлғаға беруге міндеттенеді (АҚ-тің 478-б. 1-т.)-.

Келісім-шарт жасасу шарты - тауар жеткізілім шартымен тығыз байланыста болатын сатып алу-сату шарты түрлерінің бірі. Келісім-шарт жасасу шарты

бойынша қатынастарға тауар беру шарты туралы ережелер қолданылады (АК-тің 478-б. 2-т.). АК-пен қатар, келісім-шартжасасу шарты бойынша қатынастар көбінесе ауыл шаруашылық өнімін жеткізу шартына қатысты бірқатар нормативтік актілермен де реттеледі. Айта кетерлік жайт, мұндай нормативтік актілер көбінесе мемлекет үшін ауыл шаруашылық өнімін ұқсату бойынша қатынастарды реттейді

Заңды табиғаты бойынша келісім шарт жасасу шарты құнды, *консенсуалды* және өзара шарт болып табылады. Қарастырып отырған шарт сатып алу сату шартының басқа түрлерінен субъективті құрамы, нысаны және пәнін сатып алу мақсаты бойынша ажыратылады.

Негізінен бұлар ретінде кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары немесе жарғылық қызметі ауыл шаруашылық өнімін өндіру болып табылатын коммерциялық ұйымдар қарастырылады. Объектісі ретінде ауыл шаруашылық өндірісінің өнімдері табылады, мысалы мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, аң шаруашылығы және т.б. Текті белгілерімен анықталған және тауар беруші өзі өндірген немесе өзі өсіретін заттар қарастырылады. Келісім шарт жасасу нысаны бойынша жалпы ережелерге сәйкес қарапайым екі жақты қол қою арқылы жазбаша нысанда жасалады. Шарттың мазмұны негізінен тараптардың құқықтары мен міндеттерінен тұрады. Ауыл шаруашылық өнімін өндіруші тұлға шартта көрсетілген негіздерге сәйкес тауарды сапасы, түр-түрі және көлемінде тапсыруы тиіс, егер өндіруші тұлғаның мойнынан қандайда бір кінәнің бар екендігі анықталып шарт келісімге сәйкес орындалмаса жауапкершілікке тартылады. Ал дайындаушы тарап тауардың орналасқан жерінде шартта көрсетілген тауарды қабылдап, оны өзі тасып жеткізуі тиіс. Дайындаушы тұлға тауардың сапасын нақты стандарттарға сәйкес анықтауы тиіс.

Энергиямен жабдықтау шарты бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйым абонентке(тұтынушыға) жалғанған желі арқылы энергия беруге міндеттенеді, ал абонент алынған энергия үшін ақы төлеуге сондай ақ оны тұтынудың шартта көзделген режимін сақтауға, өзінің қарауындағы энергетика желілерін пайдалану қауіпсіздігін және энергияны тұтынуға байланысты пайдаланылатын аспаптар мен жабдықтардың ақаусыздығын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Азаматтық кодекстің 482 бабының 1 бөлімі).

Шет елдерінде XIX-XX ғасырлары энергиямен жабдықтау қоғамдық өмірдің қажетті элементі болып, экономиканың жетілудегі міндетті шартына айналды. Қазіргі уақыттағы кез келген қолданылатын заттардың көпшілігі электрлік машиналар, өндірістік құрал-жабдықтар, тұрғын үй, электронды құрылғылар және де басқалары осы немесе өзгеше нысандағы энергиямен жабдықтауды қажет етеді. Энергияны қолданудың ара-қатынасын реттеуде құқықтық нысан болып, энергиямен жабдықтау шарты түседі. Бұл - өндіріс жұмысының үздіксіздігі (бөлінбейтін), энергияны тасымалдау мен қолдану, оның сақталу мүмкіншілігін шектеу, тұтынушылардың қолданылатын тауарларының сапсына әсерін тигізу, энергия мен газбен жабдықтау жүйесінің масштабы. Әдетте энергияны тұтынушыға инфраструктураға сәйкес келетін арнайы техникалық құрал-жабдықтарынсыз жеткізу мүмкін емес. Олар электр

желілері, су және газ құбырлары, трансформаторлық және насосық станциялар және басқалары. Сол сияқты энергияны қолдану да арнайы құралдарды қажет етеді. айта кететін болсақ, мысалы, инженерлік коммуникациялар, бақылаулы өлшегіш құралдар, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құралдар. Тұтынушының энергияны қауіпсіз алып қолдануы техникалық құрылғының жүйесі қосылған бөлігі деп аталады.

Тұтынушыға энергияны тек қосылған жүйе арқылы беру мүмкіндігі энергиямен жабдықтау шартының басты ерекшелігі болып табылады. Сонымен, табиғи газды баллонмен сатуды жүзеге асыратын шарт, жеткізілім немесе сатып алу-сату шарты түрінде рәсімделеді. Ал егер газ тұтынушыға арнайы қосылған желі арқылы берілетін болса, онда энергиямен жабдықтау шарты сияқты жасалынады.

Энергиямен жабдықтау шарты заңды табиғаты бойынша консенсуалды, екі жақты, құнды (ақылы) болып табылады. Энергиямен жабдықтау шарты жария болып табылады, алайда энергиямен жабдықтау шарты абонементпен онда энергиямен жабдықтаушы ұйымның желілеріне жалғанған қажетті жабдық болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жасалады (Азаматтық кодекстің 483,487 баптары).

Энергиямен жабдықтау оның мәні мен шартқа қатысушылардың құрамына қарай оның, электр энергиясымен жабдықтау шарты, электрэнергиясының реверсивтік туралы шарты, газбен жабдықтау шарты, жылу энергиясымен, су, мұнаймен жабдықтау сияқты тағы да басқа көптеген түрлерне бөлінеді. Энергиямен жабдықтаудың ерекше түрлері тек тұлғаның жеке өзімен алдынала келісіліп алынады (өндірістік, ауыл шарушылық өнеркәсіптері, мемлекеттік мекемелер, тағы сол сияқты коммерциялық емес ұйымдар). Айта кететіні, бұл ерекшеліктердің айырмашылығы шартта бағамен келісу ғана.

Энергиямен жабдықтау шартының элементтері. Энергиямен жабдықтау шартының тараптары болып азаматтар мен заңды тұлғалар қатынасқа түседі. Әдетте шарт бойынша сатушы болып электрмен жабдықтаушы ұйым – кәсіпкер (электростанция, көгілдір отынды өндіруші немесе оны сатушы) болып табылады. Жекелеген тауар нарығында (мысалы, электроэнергия) бәсекелестікті жетілдіру мақсатында мемлекет энергиямен жабдықтау шартының субъективтік құрамына арнайы талаптарды белгілейді. Сонымен, электроэнергияны мемлекеттік электроэнергияны көтерме нарығында сату мен сатып алу шарттың негізіне сәйкес уәкілетті ұйымдармен жүзеге асырылады. Жекелеген жағдайларда энергиямен жабдықтау шарты бойынша сартушы ретінде, өзімен қабылданған энергияны басқа бір тұлғаға (субабонементке) энергиямен жабдықтаушы ұйымның келісімімен беруші алғашы тұтынушы бола алады.

Шарт бойынша сатып алушы (абонемент) болып, заңды тұлғалар мен қатар жай азаматтар да қатыса алады (сонымен қатар қайта сатушы да болып).

Энергиямен жабдықтау шартының мәні, оның жалғыз-ақ маңызды талабы, әдетте энергия және энергия жүйесі (әртүрлі нысандағы), яғни қолдану барысында энергия бөліп шығаратын зат (бу, көгілдір отын) болып табылады.

Көпшілік жағдайда шарттың бағасы тараптардың өздерімен емес, мемлекет белгілеген тарифтік көрсеткіштермен айқындалады. Олар шарттың субъективтік құрамына байланысты және уақытымен инфляцияны ескере отырып индекстелініп отырады. Ортақ ереже бойынша энергиямен жабдықтау шарты белгіленбеген мерзімге жасалды деп саналады. Алайда заңды тұлғалардың қатысуымен жасалған шарттарда әдетте тараптардың өздерімен белгіленетін мерзім туралы талаптар ескеріледі. Энергия көзін үзіліссіз қолданылатын тұтынушылар үшін де мерзім туралы ережелер міндетті түрде белгіленеді. Сонымен, мерзім аяқталғаннан кейін энергиямен жабдықтау шартын тоқтату немесе өзгерту туралы тараптардың біреуінің өтініші болмаған жағдайда ол шартта көзделген дәл сондай мерзімге және нақ сондай талаптар бойынша ұзартылған болып есептелінеді. Шартты жаңа мерзімге ұзартқан кезде тараптардың келісімі бойынша оның талаптары өзгертілуі мүмкін. Егер шарттың қолдану мерзімі аяқталғанға дейін тараптардың бірінен жаңа шарт жасау туралы ұсыныс енгізілсе, тараптардың қатынастары жаңа шарт жасалғанға дейін бұрынғы жасалған шартпен реттеледі.

Энергиямен жабдықтау шарты абонентпен онда энергиямен жабдықтаушы ұйымның желілеріне жалғанған қажетті жабдық болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жасалады. Сонымен, заңды тұлғаларды, азаматтарды егер олар кәсіпкерлер болса - энергиямен жабдықтау шарты әрқашанда жазбаша нысанда жасалады. Энергиямен жабдықтау шарты бойынша энергияны тұрмыстық тұтыну үшін пайдаланылатын азамат абонент болған жағдайларда белгіленген тәртіппен абонентті жалғанған желіге алғаш рет іс жүзінде қосылған кезден бастап шарт жасалған болып есептедеді. Бұл ереже екі түрлі мәнге ие. Біріншіден, азаматтың энергиямен жабдықтау шарты жүйеге қосрудың конклюденттік әрекеттерін жасау арқылы жасалуы мүмкін. Екіншіден, жазбаша нысандағы жасалған мұндай шарт электр жүйесіне қосылғаннан кейін ғана заңды күшіне енеді.

Энергиямен жабдықтау шартының мазмұны. Сатушының басты міндеті абонентке энергияны беру болып табылады.

а) белгілі бір мөлшерде;

б) келісілген режимді және белгіленген сапаны сақтай отырып беру;

А. Сатылатын энергияның мөлшері абонент энергияны кәсіпкерлік мақсатында қолданушы заңды тұлға болып табылған кезде ғана шарттың маңызды талаптарының бірі болып саналады. Энергиямен жабдықтау шартында мөлшер туралы бір ерекшелік, ол қолданылған энергияның төменгі және жоғары мөлшерде қолданғанын есепке ала отырып айқындайды (мысалы, электросчетчиктердің көрсеткіштері). Көптеген жағдайда энергиямен жабдықтау шарты абонентке қабылданатын энергияның мөлшерін сатушының қосымша шығындарын өтей отырып, біржақты тіртіпте өзгертуге құқық береді.

Энергияны күнделікті тұрмыс үшін қолданатын азамат, оны оған керекті мөлшерде алуға құқығы бар. Бұл шарттың маңызды талаптарына жатпайды.

Б. Энергияны беру режимі, яғни берілетін энергияның мөлшері мен сапасы тараптардың келісімімен айқындалады. Ортақ ереже бойынша энергиямен жабдықтау абонентке үздіксіз берумен жүзеге асылуы керек. Алайда шарт энергиямен жабдықтаудың тоқтатылатын кезеңдерін, яғни белгілі бір мөлшерде ғана берілетін кездерін де қарастырады. Сондай-ақ энергия энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен жайсыздықтарды немесе аварияны болдырмау үшін тоқтатылуы немесе шектелуі мүмкін.

Энергияны беру энергиямен жабдықтау шартының маңызды талабы болып табылады. Энергияны тұрмыстық қажеттілік үшін қолданатын азамат оны кез-келген режимде қолдана алады.

В. сатылатын энергияның сапасы мемлекеттік стандарттар ең өзге де міндетті тәртіптердің талаптарына сай болуы керек. Энергияның жекелеген сапасы шарттың тараптарымен белгіленеді (электроэнергияның кернеулілігі, ыстық судың температурасы, көгілдір отынның қысымы).

Энергиямен жабдықтаушы ұйыммен сапа туралы талаптың бұзылуы абонентке бұндай энергияға ақы төлеуден бас тартуға және нақты нысандағы залалды өндіріп алуға құқық береді. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың энергияны тұрмыстық қажеттілік үшін қолданатын абонент - азаматтармен жасайтын шарттарына қосымша міндеттер қарастырылған. Бұндай жағдайларда энергиямен жабдықтаушы ұйымдар энергетикалық жүйелер мен қолданылатын құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен бірге басқа да жауапкершіліктерге жауап беруге міндетті.

Энергиямен жабдықтау шарты бойынша абоненттің міндеттері сатып алушының сатып алу-сату барысындағы міндеттерінен айтарлықтай өзгеше:

а) энергияны тұтынушыны қауіпсіздікпен қамтамасыз ету;

б) тұтынушының энергияны қолдану қауіпсіздігін сақтауы;

в) қабылданған энергияға ақы төлеу;

г) энергияны қолдану барысында белес алған жайсыздықтар туралы энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға хабарлау.

А. Тұтынушы өз пайдалануындағы энергетикалық желілердің, аспаптар мен жабдықтардың тиісті техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті (крандарды газ-электрлік пештерді, пәтер ішіндегі электрпроводтарды және басқаларын).

Б. Абонентпен заңмен және шартпен белгіленген энергияны қолданудың режимін, басқа да абоненттердің мүддесін сақтау қажет. Бір абонентпен энергияны артық қолдану екінші бір абонентке кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондай-ақ режимді сақтамаудың салдарынан берілетін энергияның сапасының нашарлауы, абонентті жетіспеушілік сияқы жауапкершілікке әкелуі мүмкін.

В. Абонент онымен қабылданған энергия үшін ақы төлеуге міндетті. қабылдау туралы міндеттілік энергиямен жабдықтау туралы шартта болмағандықтан, абонент өзі пайдаланған мөлшердегі энергия үшін ғана ақы төлейді.

Г. Абонент есеп жүйесінің бұзылғандығы, есепке алудың есептік аспаптары жұмысының бұзылғандығы, желілерді ажыратуды талап ететін кез-